

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ  
САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
КОМИТЕТІ



КОМИТЕТ САНИТАРНО –  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
МИНИСТЕРСТВА  
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ  
САНИТАРИЯЛЫҚ-  
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО –  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ  
БАС МЕМЛЕКЕТТІК  
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ  
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ  
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

2021ж. 26.02.

Көкшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 10

город Кокшетау

**«Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын жеңілдету туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 24 ақпандағы №9 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы тұрғындары арасында COVID-19 коронавирустық инфекцияның (бұдан әрі – COVID-19) таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын жеңілдету туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 24 ақпандағы №9 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

**4-тармақ (67),68) тармақшаларымен мынадай редакцияда толықтырылсын:**

67)ҚР БМСД-нің № 67 қаулысына 21-қосымшаны сақтай отырып, ас залдарында бір мезгілде 60 баладан артық емес, бірақ отыратын орындардың 50%-дан артық болдырмай, білім объектілерінде қоғамдық тамақтандыру объектілері қызметіне рұқсат беру;

68) білім объектілерінде қоғамдық тамақтандыру объектілері қызметін қайта бастаған кезде мектеп асханалары қызметшілерінің жұмысқа шығар кезде бір рет COVID-19-ға ПТР әдісімен тексерілуін қамтамасыз етсін.

2. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қызметті жүзеге асыратын Ақмола облысының қалалары мен аудандарының тиісті аумағындағы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантин шараларын күшейту туралы шешім қабылдауға құқылы.

3. Меншік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалар Қаулыны орындауға міндетті.

4. Осы қаулы барлық мүдделі ведомстволардың назарына жеткізілсін, халыққа бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабардар етілсін.

5. Осы қаулы **2021 жылғы 01 наурыз күні сағат 00.00-ден бастап** күшіне енеді.

Ақмола облысының  
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері



А.Мусина